

## Сандықтау ауданы Васильев ауылдық округі елді мекендерінің көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Васильев ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Эділет департаментінде 2017 жылғы 28 ақпанда № 5786 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 21 қазандағы корытындысы негізінде, Васильев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сандықтау ауданы Васильев ауылдық округінің Тучное ауылының көшелері қайта аталын:

- 1) Школьная көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
- 2) Целинная көшесі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесіне.

2. Сандықтау ауданы Васильев ауылдық округінің Васильевка ауылының көшелері қайта аталын:

- 1) Дружба көшесі Достық көшесіне;

- 2) Молодежная көшесі Жастар көшесіне.

3. Сандықтау ауданы Васильев ауылдық округінің Ұлан ауылының Ленин көшесі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесіне қайта аталын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім Ақмола облысының Эділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Васильев ауылдық  
округінің әкімі

A.Кәрімжанов